



Халықты иммундау

ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТТІ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Кеше Орталық коммуникациялар қызметінде Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойдың қатысуымен брифинг өтті. Онда министр КВИ бойынша эпидемиялық жағдай күрделі болып отырғанын, бірқатар өңірлердегі ковидтік стационарларда орын толық екенін, бұл денсаулық сақтау жүйесінің шамадан тыс жүктемесіне алып келетінін мәлімдеді.



Алдыңғы екі аптамен салыстырғанда соңғы екі аптада республика бойынша барлық өңірде сырқаттанушылықтың өсуі байқалған. Сырқаттанушылықтың өсуі 1,9 есеге өсті. Маусым айымен салыстырғанда орташа тәуліктік сырқаттанушылық деңгейі 5,2 есе өсті. 1 шілдемен салыстырғанда елімізде инфекциялық және реанимациялық төсектік орынмен қамту 3 есе үдемелі түрде өскені байқалады, осыған байланысты елімізде төсек қоры 1,4 есе ұлғайтылған. Биылғы 28 шілдедегі жағдай бойынша республика бойынша инфекциялық төсектік орындармен қамту 53%-ды, реанимациялық төсектік орындармен қамту 43%-ды құрайды. Алматы, Шымкент қалаларында, Ақтөбе, Түркістан және Қызылорда облыстарында инфекциялық және реанимациялық төсектік орынмен қамтудың жоғары қарқыны байқалады.

«Қазіргі уақытта денсаулық сақтау жүйесі былтырғымен салыстырғанда екі есе жүктемемен жұмыс істеуде. Өткен жылы сырқаттанушылық тәулігіне 2 мың адамды құраған болса, биылғы шілде айында сырқаттану деңгейі 3 еседен астамды құрап отыр. Емделіп жатқан пациенттердің саны да 2 есеге артты», деді А.Цой.

Бүгінгі күні еліміз бойынша 90 мыңға жуық адам коронавируспен ауырып жатыр. Оның 25 мыңға жуығы – стационарларда, 65 мыңға жуығы амбулаториялық ем алууда. Сонымен қатар шілде айының басымен салыстырғанда ауыр жағдайдағы науқастардың саны 2,1 есе өсті, 1 мыңға жуық науқас өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған. Министрдің айтуынша, бірқатар өңірлерде инфекциялық және

реанимациялық төсектік орын тапшылығы орын алуы мүмкін. Тәуекел аймағында Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары және бірқатар облыстар бар.

«Бірқатар өңірлердің денсаулық сақтау жүйесі жоғары жүктемемен жұмыс істеп жатыр. Бүгінгі күні бірқатар өңірлердегі ковидтік стационарларда орын толық, бұл денсаулық сақтау жүйесінің шамадан тыс жүктемесіне, халыққа медициналық көмек

уақтылы жетпеуіне және сырқаттанудың өсуіне, инфекцияның одан әрі таралуына алып келуі мүмкін», деп хабарлады А.Цой.

Қазақстан бойынша жалпы сырқаттанушылық пен өлімнің 65%-ы Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау, Қарағанды қалаларында тіркелген. Осыған байланысты 27 шілдеде Ведомстволық комиссияның шешімімен аталған өңірлерде 2 тамыздан бастап, карантин шаралары күшейтіледі.

Бүгінгі күні КВИ-ге қарсы вакцинаның бірінші дозасы әрбір екінші ересек қазақстандыққа егіледі. Вакцинаның 8,6 млн дозасы пайдаланылды, оның ішінде 1-ші компонентімен 5 230 750 адам егілді, бұл вакцина алуға тиіс халықтың 52,8%-ын құрайды.

Екінші компонентпен 3 436 617 адам қамтылды. Егу пункттерінде шамамен 713 мың бірінші компонент және 1 млн 300 мың екінші компонент бар. Министр науқастардың 99,9%-ы вакциналанбағанын, бұл иммундаудың қауіпсіздігі мен тиімділігін растайтынын атап өтті.

«Сондықтан әрбір қазақстандық вакциналу туралы саналы шешім қабылдай білуі керек. Әр азамат өзін, жақындарын сырқаттану қорғауға мүдделі болып, ұжымдық иммунитетті күшейтуге атсалысуы қажет. Коронавирустың тұрақты түрде бола беретін мутациясы кезінде бұл – қорғандық жалғыз жол», деді министр.

А.Цой бүгінгі күні вакциналуа коронавирустық инфекциядан болатын ауыр ағым мен өлімді болдырмаудың жалғыз тиімді әдісі екенін тағы да еске салды.

Дерек-көз: www.egemen.kz

Токио-2020

БОКСШЫ ӘБІЛХАН АМАНҚҰЛ ШИРЕК ФИНАЛҒА ӨТТІ

Қазақстандық боксшы Әбілхан Аманқұл Токиодағы Олимпиада ойындарын жеңіспен бастады, деп жазады Egemen.kz Olympic.kz-ке сілтеме жасап.

Әбілхан Аманқұл 75 келіге дейінгі салмақта өзбекстандық Фанат Қахромоновпен кездесті.

Бірінші раундында өзбек боксшысы басым түссе, екінші раунда Әбілхан қарсыласын ноқдауға жіберді. Қазақ боксшысы үшінші кезеңде де алда болып, келесі айналымға өтті.

Ширек финалда Әбілхан Аманқұл бразилиялық Эберт Консейса Соузамен кездеседі. Кездесу 1 тамызға



жоспарланған.

Дерек-көз: www.egemen.kz

ҚАЗАҚ – ҚАЙДА ДА ҚАЗАҚ...

1991-жылы еліміз өз тәуелсіздігін жарияламай тұрып-ақ қиын-қыстау заманда шетелге ауа көшкен немесе кеңестік жүйенің солақай саясатының арқасында ата-баба жерлері басқа республикаларға өтіп кеткен, өздері сол жақта тұрақтап қалған қазақ ағайындар тарихи Отанына көше бастағыны біз куәміз. 1992-жылғы қыркүйек айында Алматы қаласында өткен дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайының соңын ала бере сол кездегі президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бүкіл әлемде қаптап жүрген қазақ жұртына арнап Қазақстанға оралуларын сұраған Үндеуі жариялады. Осы Үндеуден кейін-ақ Өзбекстан, Монғолстан, Қарақалпақстан және Түркиядан қандастарымыз ұлы көштің ізін жалғастырды. Өз басым сол жылдың шілде айында Алматыға көштім. Жоғарыда айтылған Құрылтайға «А3 и Я» газетінің тілшісі ретінде қатыстым. Ол кезде көшіп келіп жатқан ағайынға «Оралман» деген айдар тағылғанын біз де көңілсіздікпен қабылдағанымыз рас. Мәселен, Қарақалпақстан, Ташкенттің маңайы һәм менің туған жерім – Тауелібай аймағы кеңес үкіметі отарлап алып, Өзбекстанға отызыншы жылдардың аяғында Өзбекстан құрамына өткізіп жібергенге шейін біздің ата-бабамыздың атақонысы болған жерлер еді.

Сол кездегі көшкен елдің бір ғана мақсаты болды, ол – тарихи Отанына оралып, ұрпақтарының өз елінде өсіп-өнуі, ең бастысы – өз еліне қызмет ету және жаңадан іргетасын қалайтын жаңа Қазақстанның көркейіп, жетілуіне өз үлестерін қосу болды. «Оралмандар» деген әңгіме айтылса, «қашқындар», «сатқындар» деп шығатындар және солай түсіне білетін адамдар да бары да шындық. Өзбекстаннан келген қазақты келекелеп «өзбек», қытайдан келгенін «қытай»... деп айтатын бауырларыма айтар едім, Алдымен тарихты оқы. Қандай жағдайда қандастардың шет елде жүргенін біліп ал. Кейін өз тұжырымыңды айтарсың. Мына мәселеге назар аударыңыз: Ресей Кеңестік заманның сұрқия саясатының арқасында Ресейге өткен жерлер: (Қазақстанның 1919-1922-жылдардағы алғашқы астанасы Орынбор қаласы. 1.Оренбург (Орынбор), 2.Астрахань (Астрахань), 3.Саратов (Сарытау), 4.Самара (Самар), 5.Тюмень (Төмен), 6.Омск (Омбы), 7.Томск (Томбы).

Ал, Өзбекстанды алып қараныз: Төлі бидің жатқан жері Ташкент бір кездері қазақтың Қызылордадан кейінгі астанасы (1922-жылы 04-сәуірден бастап 22-тамызға дейін) болған. Өзбекстанда қалған қалалар мен аудандар: 1.Ташкент (Шыршық, Бостандық, Чыназ, Қырай, Ангрен, Фазалкент, т.с.с.). 2.Сырдария (Гүлістан, Бахт, Алмазар, Жаңа ауыл, т.с.с.). 3.Жыззақ (Достық, Фарыш, Бостан, Галларал т.с.с.). 4.Науаи (1982-жылы облыс атағын алды. Оған дейін Бұхара облысы болған) (Канимех, Нұрата, Зарафшан, Үшқұдық, Тамды). Науаи облысының Нұрата кентінде Кіші жүздің биі Әйтеке би жатыр. 5.Қарақалпақстанда (Хожелі, Тахияташ, Тахта-көпір, Қоңырат т.с.с.).

Қытай еліне сталиннің сыйға тартқан қазақ жерін ойласаң жүрегің қалай ауырмайды. Алтай өңірінің бәрін тұтастай кесіп бере салып, сол жақтағы қандастарымызды шет елдікке айналдыра салды. Осылай етіп Қазақстан жерінің өте көптеген аумақтарын бөліп-бөліп, жат елдерге беріп жіберді. Ол жерлерде тұрып жатқан Қазақтар өз ата-баба қонысында, өзінің туған жерінде, ата-бабасының сүйегі жатқан жерде отыр. Сондықтан оларды «қашқын», «сатқын» деуге ешкімнің қақысы жоқ. Қазақтың үш биінен Қазыбек би ғана Қазақстанда, Төле би – Ташкентте, Әйтеке би - Науаи облысының Нұрата ауданында жерленген. Сонда сол екі би қашып жүріп, сатқын болып өлді ма?!

Репрессия мен аштықтың кезінде көп қазақтың жер ауып көшкені – бұл амалсыздықтан салдарынан. Ана баласының етін жеген, бауыр-бауырды өлтіріп, әкеге бала қарай алмаған заманда ұрпағын аман

сақтау үшін ауа көшуге тура келген. Шекара бойында совет өкіметі қаншамасын жосадай қырып жібергенін білмесең, ізден, оқы, шынайы тарихқа үңіл, ақиқатын анықта... Ешкім туған жерін өз еркімен тастап кетпейді. Жол бойынша қаншама басқыншылыққа тап болып Түркіменстан, Тажікстан, Ауғанстан, Түркия, Иран, Индияға т.б. елдерге шейін босып кеткен. Елде қалған қазақтар мықты, олар сатқын демес бұрын ойланғанын жөн. Репрессия кезінде қазақ қазақты сатқан. Ашаршылық кезінде қазақ өз баласын, өз бауырын жеген. Біз сол қазақтардың ұрпағымыз. 1962-жылға дейін Қазақстанда қазақтардың үлесі өте аз болған. Кеңес үкіметіне жұмысшы қолы керек болғасын шекарасын уақытша ашып, Қытайдан неше мыңдаған қазақтар елге қайтып өткен. Кейін көшетін елдің көбейгенін сезген Қытай мемлекеті шекараны дереу жауып тастаған. Сонда арғы жақта өте алмаған қазақтарды қытайлар әскермен қайтарған. Елге өте алмай «елімайлап» жылаған халықтың көзжасы көл болған екен. Өз ата қонысын тастап неге Қазақстанға келгісі келді. Өйткені оларда елім, ұлтым деген сезім бар. Қазақстанда қанша келімсектер жүр. Жерінді солардан қызғанбай, өз қандасыннан қызғану сорлылық, бишара-



лық. Қытай мен орыстан, кавказдықтардан қызғанбай, қазақтан қазақтың жерін қызғануың – ақыматтық. Кім көрінген сиған жерге, кім көрінген қарындасыңды жар етіп алып жатқанда, үн шығаруға жармай, ақылдың жеткен жері қандастарымызды кемсіту болса, құлдық санадан ажырамағаныңның белгісі. Сол қазақтардың да ата-бабасы осы жер үшін ғасырлар бойы ат үстінде соғысты. Сондықтан қандастарымыздың біз сияқты Қазақстанды өз Отаным, Атамекенім деуге толық қақысы бар. Олардың ата-бабасының аққан қаны мен тамған тері үшін, талай жылдар саясаттың кесірінен елден жырақ қалған елі үшін алдыңғылардың бірі болып Атамекеніне оралғандар, қазақ елінің атын әлемге танытқан Мұстафа Өзтүрік, Қанат Ислам, Майра Мұхамедқызы, т.б шеттен келген қандастарымыз емес пе? Қазақ осы әлемдік жаһандану заманында «ұлт» болып қалу үшін күресуде. Қазақлық бойларында сақталған, кеңестік құлдық санада болмаған, дәстүріміз бен тіліміз сақталған қандастарымыздың елге келуі біз үшін үлкен көмек. Қазір олардың бойынан мүмкін айырмашылық білінер, бірақ, ұрпақ ауысқасын олардың ұрпақтары осы өздерінің туған жеріне қызмет ететін болады, сіңісіп кететіні анық. Қазақстандағы өз тілін білмейтін, салт-дәстүрін менсінбейтін, түрлі діни ағымдарға кірген бауырларымызға қарағанда, бойында имандары бар, дәстүрлі дініміздегі қандастарымыздың еліміз-ге тигізер пайдасы мол. Қазақ – қайда болса да, қазақ!

«Сен шеттен келгесің, сен ана рудансың, сен ана өңірденсің, сен ... деушілерге батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының: «Мен бір қазақ емеспін, мен тұтас қазақпын. Мені бөлшектеу мүмкін емес» деген сөзін айтқым келеді. Бөлінгеннен ұтқан жеріміз болды ма? «Бөлінгенді бөрі жейді», - деп қазақ бекер айтпаған. Сырт күштердің әр уақытта қазақты - қазаққа айдап салғанынан тек қазақтар зардап шеккен. Олардың ендігісі әрекетіне жол бермеу керек. Сабыр адайдың сөзімен айтсақ: «Әр қазақ менің жалғызым!». Осы ұстаным қазіргі қазақты тығырықтан шығарар жол...

Н.ҚЫДЫРМУРАТУЛЫ



УЧАСТНИКА ПАРТИЗАНСКОГО ДВИЖЕНИЯ В ЧЕХОСЛОВАКИИ СУЙНБАЯ ДУЙСЕБАЕВА НАГРАДА – ОРДЕН СЛАВЫ III СТЕПЕНИ – НАШЛА СПУСТЯ 75 ЛЕТ



Случилось это благодаря двум событиям – вновь рассекреченным накануне 75-летия Великой Победы оборонным ведомством России документам Центрального архива и интернет-ресурсу ramyat-naroda.ru, где они были выложены для открытого доступа.

– Все началось с того, что мой сын Жандос Суюнбай в поисках сведений о своем дед наткнулся на этот сайт, – рассказывает сын ветерана Талгат Суюнбай. – И мы, дети и внуки Суйнбая Дуйсебаева, поставили целью найти хоть какие-нибудь сведения о его военном прошлом. После войны отец прожил еще 53 года, но дело в том, что он еще при жизни славился тем, что был великим молчальником. И для этого имелась причина.

...Суйнбай Дуйсебаев был призван в Красную армию в сентябре 1939 года из

Жамбылской области. Парень из далекого горного аула попал в артиллерийский полк, в расчет 152-миллиметровой гаубицы, а через три месяца – на советско-финскую войну.

Когда она закончилась, он думал, что еще немного – и осенью 1941 года вернется в родной аул. Увы! Война застала его в Белоруссии. В ноябре 1942 года его артиллерийский полк оказался в окружении.

– Те, кто остался в живых, попали в плен, и их, как вспоминал отец, как стадо баранов, погнали в Германию, – рассказывает Талгат Суюнбай. – Нам неизвестно, что он там пережил. Отец лишь говорил: «Чего только в плену я не видел». И замолкал.

В конце 1944 года он бежал из концлагеря. Пробравшись через горы, попал в Чехословакию, где влился в партизанский отряд 2-й бригады им. И. Сталина, которым командовал подполковник Снежинский.

Когда мы начали искать сведения об отце на сайте ramyat-naroda.ru, то нашли двух Суйнбаев Дуйсебаевых, но оба они были из Каракалпакстана. Еще одна трудность – он призывался из села Кременевка Амансайского сельсовета, а на сайте значилось – Кермановка Джамансайского сельсовета, и только имя матери, моей бабушки Акпалы Дуйсебаевой, на руках у которой я вырос, было правильным. Мы уже совсем отчаялись, как вдруг вспомнили про военный билет отца. Там в графе имя значилось не Суйнбай, а Суйн. Стали искать под этим именем. А дальше все пошло, как по маслу.

Сын нашел информацию о том, за что дед был представлен к боевой награде – ордену Славы III степени. В рукописном документе, размещенном там, говорится, что «в боях за высоту Безымянную под городом Рожнов (Рожнов-под-Радгоштем, Чехия. – Ред.) 5 мая 1945 года, несмотря на трудные условия горно-лесистой местности, тов. Дуйсебаев вместе с передовыми рядами пехоты, умело поддерживая ее наступление, первым взобрался на высоту, и когда гитлеровцы начали

контратаковать, пытаюсь занять более высокий рубеж, тов. Дуйсебаев своим ураганным огнем отразил контратаку противника. При этом уничтожил восемь гитлеровцев и подавил две пулеметные точки противника. Пулеметы были захвачены нашими подразделениями».

Суйнбая Дуйсебаева выдвинули на награду, но получить ее он не успел. В боях за высоту Безымянную он был ранен, его эвакуировали в Прибалтику в военно-полевой госпиталь. Оттуда он вернулся домой в село Амангельды (сейчас Таттыбай, названный в честь младшего брата, фронтовика) Жулынского района Жамбылской области.

– И без того немногословный, отец с тех пор «поймал тишину», – вспоминает Талгат Суюнбай. – И его можно было понять – он ведь был в плену. Когда я интересовался его военным прошлым, он отмалчивался. Сказал лишь, что условия в горах, где базировался партизанский отряд подполковника Снежинского, были суровыми, а дисциплина жесткой, даже жестокой. Там могли расстрелять даже за потерю пуговицы, так как тыла у партизан не было, помощи ждать было неоткуда. Он вспоминал, как вернулся однажды с боевого задания с двумя «языками», а заодно с мешком, прихваченным из багажника машины, на которой ехали немцы.

Утром на разводе прозвучало: «Дуйсебаев, три шага вперед». Памятуя о случае с пуговицей и внутренне прощаясь с жизнью (правда, не зная за что), он вышел из строя. А его кинулись поздравлять. Оказывается, в том мешке была турецкая махорка. Для отряда, где курили все, даже женщины, это был огромный подарок. Отец рассказал об этом случае только потому, что это событие было, видимо, в суровых партизанских буднях одним из немногих светлых.

А молчал он, думаю, потому, что в одной известной конторе, где очень «хорошо» умеют разговаривать с людьми, его навер-

Ни кто не забыт, ни что не забыто!

няка предупредили: ни одного лишнего слова. Ведь в те годы жили по негласному закону, установленному Сталиным: «У нас нет пленных, есть только предатели». И какими бы ни были боевые заслуги перед Родиной у тех, кто бежал из плена, после окончания войны многих отправляли в лагеря. Отцу, получается, повезло. Как сказал российский консул на церемонии вручения награды, это был редкий случай, чтобы человека оставили на свободе.

После войны отец всю оставшуюся жизнь прожил в Кременевке. Женится на моей маме Мауе, они стали родителями десятерых детей. Работал учетчиком тракторной бригады, потом бригадиром, а когда до пенсии оставалось 3 года, пересел на трактор.

Немногословный, очень добрый и очень порядочный – таким он и остался в памяти детей, внуков и всех, кто его знал. Отец ушел из жизни не то чтобы неожиданно, как-то так – по заданному им самим плану, я бы сказал. Он с большой нежностью относился к своему младшему брату Таттыбаю. Тот, будучи очень шустрым по характеру, ушел на фронт 16-летним мальчишкой, подделав документы, – прибавил себе 2 года. Освобождал Белую Церковь, что в Украине, был награжден двумя орденами Красной Звезды. После тяжелого ранения попал в Саратовскую школу НКВД, после служил в органах, дослужился до генерала МВД. Когда Таттыбая не стало в 1996 году, отец внешне спокойно перенес его уход. Но после того, как провел годовщину любимого брата, сказал: «Теперь и я должен проститься с вами».

«Да что вы, отец! Скажете тоже», – отмахнулись мы. Ему было всего 76 лет, на здоровье не жаловался, даже ранение в ногу, которое получил в боях за высоту Безымянную, не беспокоило. А он усмехнулся: «Я завершил свои дела на земле. Его не стало в ноябре 1998 года».

Источник: www.kazpravda.kz, Автор: Галия Шымрбаева



СЕНИМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных ***

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-97

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап,

Аппарат басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл-апта сайын бейсенбі күндері сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-97

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов

Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

Руководитель аппарата, уполномоченный по этике - еженедельно по четвергам с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі күні сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-38-76

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-38-76

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

График приема граждан руководителем отдела ежедневно, с 16.00 часов. ***

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-38-70.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-38-70.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов. ***

«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99, 5-33-81

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск»

5-32-99, 5-33-81

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – Пятница с 17.00 до 18.00 часов ***

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-40-95. Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты:әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-40-95.

Личный прием граждан руководителем еженедельно по понедельникам с 17.00 часов ***

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ХАБАРЛАМА

Құрметті Приозерск қаласының тұтынушылары! Қарағанды облысының Приозерск қ. Балқаш көш., 7 мекен-жайында орналасқан "Сарышаған Сужылу-2014" ЖШС-нің, 2021-жылдың 13-шілдесінде № KZ48VFF00002940 ретімен табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілуі негізінде "Сарышаған Сужылу-2014" ЖШС үшін жаңа тариф және тарифтік сметалар бекітілгенге дейін Приозерск қаласының тұтынушылары үшін кәсіпорынның 13.07.2021 жылғы бұйрығының негізінде Қарағанды облысының Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің 25.11.2013 жылғы № 540-ОД Сумен жабдықтау және ағынды суларды бұру бойынша және 27.08.2019 жылғы № 184-ОД жылумен жабдықтау бойынша тарифтік сметалары мен тарифтері келесі тәртіпте қолданылады:

- тарату желілері бойынша су беру қызметтеріне ҚҚС-сыз м3 үшін 41,12 теңге мөлшерінде;
- шайынды суларды бұру бойынша қызметтерге ҚҚС-сыз м3 үшін 35,38 теңге мөлшерінде;
- жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне ҚҚС-сыз Гкал үшін 3 076,22 теңге, оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:
- жеке тұрғындар үшін-ҚҚС-сыз Гкал үшін 2 131,45 теңге;
- шағын және орта бизнес үшін-ҚҚС-сыз Гкал үшін 2 437,81 теңге;
- бюджеттік ұйымдар үшін – ҚҚС-сыз Гкал үшін 3 594,67 теңге.

"Сарышаған Сужылу-2014" ЖШС
директорының м. а.

С.В. Курец

УВЕДОМЛЕНИЕ

Уважаемые потребители г.Приозерска!

На основании включения в Государственный регистр субъектов естественных монополий за № KZ48VFF00002940 от 13.07.2021 года ТОО «Сарышаған Сужылу-2014» г.Приозерск Карагандинской области ул. Балхашская 7, по услуге отвода сточных вод, очистка сточных вод, производства, передача, распределение и (или) снабжение тепловой энергией, подача воды по распределительным сетям, подача воды по магистральным трубопроводам, до утверждения нового тарифа и тарифных смет для ТОО «Сарышаған Сужылу-2014» на основании Приказа предприятия от 13.07.2021 года для потребителей города Приозерск, применяются тарифы и тарифные сметы Департамента агентства по регулированию естественных монополий Карагандинской области от 25.11.2013 года за № 540-ОД по водоснабжению и отводу сточных вод и за № 184-ОД от 27.08.2019 года по теплоснабжению в следующем порядке:

- на услуги подачи воды по распределительным сетям в размере 41,12 тенге за м³ без НДС;
- на услуги по отводу сточных вод в размере 35,38 тенге за м³ без НДС;
- на услуги производства, передача, распределение и снабжение тепловой энергией 3 076,22 тенге за Гкал без учета НДС, в том числе по группам потребителей:
- для физических лиц – 2 131,45 тенге за Гкал без НДС;
- для малого и среднего бизнеса – 2 437,81 тенге за Гкал без НДС;
- для бюджетных организаций – 3 594,67 тенге за Гкал без НДС.

И.О.директора
ТОО «Сарышаған Сужылу-2014»

С.В.Курец

Әлеуметтік көмек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу және кепілдендірілген әлеуметтік пакетті ұсыну қағидаларына сәйкес бір жастан бастап алты жасқа дейін балаларға азық-түлік жиынтықтары мен тұрмыстық химиялық заттар түріндегі кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынылады.

Кепілдендірілген әлеуметтік пакет - бір жастан бастап он сегіз жасқа дейінгі балалары бар аз қамтылған отбасыларға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын түрлері мен көлемінде көрсетілетін көмек:

-егер отбасында 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар бар болса, АӘК тағайындалған кезде оларға АӘК тағайындалғанға дейін кепілдендірілген әлеуметтік пакет беріледі (тамақ, гигиена құралдары);

-егер отбасында 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар болса, АӘК тағайындаған кезде тиісті оқу жылының ішінде кепілдендірілген әлеуметтік пакет ұсынылады (ыстық тамақ, қоғамдық көлікте жүру және жылына бір рет мектеп формасы мен керек-жарақтар (кенсе тауарлары).

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кепілдендірілген әлеуметтік пакетті әлеуметтік қызметтер порталына ауыстыру туралы тапсырмасын іске асыру аясында 2020 жылы портал арқылы азық-түлік жиынтықтары мен тұрмыстық химия тауар-

КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ ҰСЫНУ



1-3 жасқа дейінгі балаға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет түрі.

ларын ұсыну бойынша пилоттық жобалар басталған болатын.

2021 жылы мүгедектерді оңалту құралдарымен қамтамасыз етуге ұқсас әлеуметтік қызметтер порталына КӘП тағайындау мен ұсынудың бүкіл процесін толығымен шығару жоспарлануда, бұл ағымдағы жылы сәтті іске асырылуда. Порталға кіру кепілдендірілген әлеуметтік топтаманы ұсыну тәртібін жеңілдетеді деп күтілуде. Атап айтқанда, мемлекеттік сатып алудың күрделі

рәсімдері болмайды, ал алушылар өнім берушіні өз бетінше таңдай алады. Бұдан басқа, әрбір өңір үшін жиынтықтардың құны жыл сайын есептелетін болады, оған жеткізу бағасы да кіреді.

2021 жылдың 6 аяы бойынша АӘК алушы-

жынтығы бар қораптар табысталды.

Алдағы уақытта АӘК алушы отбасылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларына кепілдендірілген әлеуметтік пакет жиынтығын табыстау шараларын жалғастыру көзделген.

Е.Сүлейменов,
«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-нің әлеуметтік жұмыстар жөніндегі қызметкері



3-6 жасқа дейінгі балаға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакет түрі.

лар болып табылатын отбасылар қатарынан 1 жастан 6 жасқа дейінгі 91 балаға кепілдендірілген әлеуметтік пакет жиынтығы берілді. Оған қоса «Халық» қайырымдылық қорының аясында АӘК алушы 62 отбасыға жалпы салмағы 50 кг-нан астам азық-түлік

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

КАК ЛЕЧИТЬ ЗУБЫ ДЕТЯМ ПО МЕДСТРАХОВКЕ

Большинство родителей не знают, что могут лечить зубы своим детям за счет ОСМС. Для этого им не надо ничего платить в Фонд социального медицинского страхования, так как до достижения 18 лет за маленьких граждан отчисления производит государство, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на аккаунт в Facebook ФСМС.



Все, что нужно для получения стоматологических услуг, найти государственную или частную клинику, которая

является поставщиком фонда и записаться на прием. Направление от терапевта вам не потребуется.

По информации Фонда социального медицинского страхования, чаще всего к стоматологам обращаются по лечению: периодонтита, пульпита, кариеса, заболеваний слизистой полости рта.

Как найти клинику?

- 1.Зайти на сайт fms.kz
- 2.Зайти в раздел «Закуп медицинских услуг»
- 3.В левом столбце найти раздел «Поставщики КДУ услуг»
- 4.В этом разделе вы найдете файл «Перечень медицинских организаций, оказывающих стоматологические услуги на 15.07.2021 г.»
- 5.Скачайте его и поищите клинику в своей области и городе.

Источник: <https://kazpravda.kz>

ИНФОРМАЦИЯ
К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Согласно данных портала fms.kz, по состоянию на 15.07.2021 года, в списке медучреждений, оказывающих стоматологические услуги в рамках системы ОСМС, под № 16 числится КГП "Центральная больница города Приозерск" УЗКО, расположенная по адресу: ул.Транспортная - 19, которая предоставляет данные услуги в период с 9:00-18:00 часов. Форма собственности организации, предоставляющей стоматологические услуги - "государственная".

Редакция газеты "Приозерский вестник",
согласно источника <https://fms.kz>

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти

Сарманова Сагидуллы Байкасымовича,
умершего 21 февраля 2021 года. Имеющимся наследникам обратиться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б,
тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 30/726. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.